

Капитал нарығы

Жылдық шолу

2024

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚА ШОЛУ

АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Борыштық бағалы қағаздар нарығы



ҚЫСҚА ШОЛУ

2024 жылы АХҚО биржасы капиталға қолжетімділікті кеңейтіп, Қазақстан нарығында сапаның жаңа стандарттарын белгілеген инновациялық жобаларды іске қосты. Нарық қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасай отырып және олардың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, АХҚО биржасы бизнеске бағытталған және тұрақты өсім мен ұзақ мерзімді пайданы қамтамасыз ететін шешімдерді ұсынуда көшбасшылықты жалғастыруда.

САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

АХҚО биржасы сауда-саттық көлемінің айтарлықтай өсімін көрсетті, ол 2023 жылғы \$582 млн-нан 2024 жылы \$1,3 млрд-қа дейін 2 еседен астам өсті.

\$1,3
млрд

Небәрі 1 жылдың ішінде

Нәтижелер АХҚО биржасы іске қосылған сәттен бастап алғашқы 6 жылда қол жеткізілген көрсеткіштерден асып түсті

\$2,5 млрд

АХҚО биржасын іске қосылған сәттен бастап сауда-саттықтың жалпы көлемі

ТАРТЫЛҒАН КАПИТАЛ

АХҚО биржасы іске қосылған сәттен бастап тартылған капиталдың (борыштық және үлестік) жалпы көлемі \$7 млрд құрады.

\$7,0
млрд

+\$2,3 млрд

2024 жылы

+\$159 млн

2024 жылғы желтоқсанда

Бағалы қағаздар листингі

Барлығы 148 эмитент орналастырған 256 бағалы қағаз.

256

+140 листинг

2024 жылы

+68 эмитент

2024 жылы

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

2024 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

АІХ-ТЕГІ ЛИСТИНГТЕР

Қазақстанның тұңғыш сукукы

Исламдық қаржыны дамытудағы айтулы кезең болған тұңғыш сукукты Gamma-T SPC Limited шығарды. Дебюттік жергілікті сукуктың листингі инвестицияларды әртараптандыруға ықпал етеді және шарифатқа сәйкес келетін жаһандық қаржы нарықтарымен байланысты нығайтады.

Аймақтық эмитенттің дебюттік «жасыл» облигациялары

Аймақтағы орнықты инвестициялардың дамуына ықпал ету үшін Қырғызстандық алғашқы эмитент PlanDeM шығарды.

Мемлекеттік еурооблигациялар

ҚР Қаржы министрлігі АІХ және Лондон қор биржасында қосарлы листингпен жүзеге асырған \$1,5 млрд көлеміндегі шығарылым жергілікті инвесторлардың белсенді қатысуымен ерекшеленді. АІХ-ке өтінімдер көлемі \$322 млн құрады.

ЖАҢА ӨНІМДЕР

Жаңартылатын энергия сертификаттары (I-REC)

I-REC сертификаты энергияның жаңартылатын көздерден алынғанын және 1 МВт*сағ таза электр энергиясына сәйкес келетінін растайды. I-REC сертификаттарының қосылуы компанияларға қаржылық тиімділікті сақтай отырып, экологиялық мақсаттарына жетуге көмектеседі.

«Жасыл» акциялардың қағидаттары

АІХ Дүниежүзілік биржалар федерациясының стандарттарын енгізді, «жасыл» эмитенттердің назарға ілінуін жақсартты және экологиялық таза инвесторларға қолдау көрсетті.

Қор түрлерін кеңейту

Exempt қорларды қосылуы және ОА-да алғашқы жария сатылатын ETF-тің орналастырылуы. Бұл құралдарды аккредиттелген инвесторлар АІХ негізгі нарығында сатып ала алады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

АІХ **Парсы шығанағы** елдерімен байланысты дамытуда және **Маскат қор биржасымен Абу-Даби қор биржасы (ADX) құрған Tabadul платформасы** арқылы нарықтың өтімділігін арттыруға және сауда тетіктерін оңтайландыруға бағытталған ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Tabadul биржаларға лицензияланған брокерлер арқылы бір-бірімен тікелей сауда жасауға, сондай-ақ аймақтық және жаһандық деңгейде елдер арасында инвестициялар салуға мүмкіндік береді. Tabadul мүшелері қатарында қазірдің өзінде Бахрейн қор биржасы, Орталық Азия қор биржасы (Тәжікстан) және Маскат қор биржасы (Оман) бар. 2024 жылдың соңында Қазақстанның **Freedom Finance Global және Halyk Finance брокерлері** Tabadul Hub-та аккредиттелді, ал БАӘ-нің үш брокері АІХ-ке сауда қатысушылары ретінде қосылды, осылайша **ADX және АІХ** арасындағы биржааралық саудасаттықты қолжетімді етті.

БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2024 жылдың соңында АХҚО биржасының Бағалы қағаздар орталық депозитарийінде бөлшек инвесторлардың 2 млн-ға жуық жаңа шоты ашылды. АХҚО биржасына Қазақстан, Қытай, Еуропа және Таяу Шығыстан келген брокерлерді қоса алғанда 53 сауда мүшесі қатысады, ал 2024 жылы 19 жаңа брокер тіркелген.


БӨЛШЕК ИНВЕСТИТОРЛАР

2 млн

Бөлшек инвесторлар

+384 мың


2024 ж. жаңа бөлшек инвесторлар



САУДА МҮШЕЛЕРІ

53

Сауда мүшесі



Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.

АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX


2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс болып табылады, ол қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұрады. AIXQI индексінің мәні жыл басынан бері 28%-ға өсіп, бір жылда 337 тармаққа көтерілді. Freedom Holding Corp. компаниясы Халық Банкі мен Solidcore-ның қысқартылған аударымдарын алмастыра отырып, 15% үлесімен AIX Qazaq индексіне енгізілді.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіші.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

ЖАЛПЫ ШОЛУ

Жыл басынан бері АХҚО биржасындағы сауда-саттықтың жалпы көлемі \$1,3 млрд рекордқа жетті, бұл 2023 жылы тіркелген \$582 млн көрсеткішінен екі есе артық. Жалпы, АХҚО биржасы іске қосылған сәттен бастап сауда айналымы \$2,5 млрд құрады. АІХ-тегі нарықтық капиталдандыру 2023 жылы \$62,6 млрд-тан 2024 жылы рекордтық \$76 млрд-қа дейін өсті, бұл нарықтың айтарлықтай ұлғайғанын көрсетеді.


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$1,3 млрд

2024 жылғы сауда-саттықтың жиынтық көлемі

2,3 есе көп


2023 жылмен салыстырғанда



НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

\$76 млрд

Нарықтық капиталдандыру




Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.


Биржаның нарықтық капиталдандырылуы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолуды білдіреді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылы АХҚО биржасында 11 жаңа акциялар листингі тіркелді, ал олардың сауда-саттық көлемі \$495 млн-ға жетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,8 есеге және 2018 жылдан 2023 жылға дейінгі бүкіл кезеңдегі акциялар сауда-саттығының жиынтық көлемінен \$100 млн-ға артық.




Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.




Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.

ТАРТЫЛҒАН АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

2024 жылы АХҚО биржасында тартылған акционерлік капиталдың көлемі \$106 млн-ға жетті, басты фактор Air Astana ұлттық компаниясының IPO-сы болды. Бұл небәрі \$9 млн доллар тартылған өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсім және соңғы рет 2020 жылы байқалған ең жоғары деңгейге сәйкес келеді.



Тартылған акционерлік капитал – компаниялар өздерінің үлестік құралдарын шығару және сату арқылы жинақтайтын қаражат.



Қор биржасындағы акциялар листингінің салалар бойынша бөлінісі биржада тіркелген компаниялардың құрамы және экономикада қатысатын секторлардың әртүрлілігі туралы түсінік алуға мүмкіндік береді.

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА

2024 жылы АХҚО биржасында борыштық міндеттемелер мен эмитенттер шығарылымдарының айтарлықтай өсуі байқалды, 129 жаңа листинг және 59 жаңа эмитент тіркелді. АХҚО биржасында борыштық міндеттемелермен сауда-саттықтың жиынтық көлемі бір жыл ішінде \$831 млн-ға жетті, оның ішінде тек 2024 жылғы желтоқсанда \$88 млн болды – бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жуық көп.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

229

Борыштық бағалы қағаздар листингтерінің жалпы саны

+129

2024 ж. листингтер




Қолжетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.

САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$819M


2024 ж. сауда-саттық көлемі




Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі – белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капиталдың көлемі 2024 жылы рекордтық \$2,3 млрд-қа жетіп, жалпы көрсеткішті \$6,5 млрд-қа дейін ұлғайтты, бұл өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай өсім: 2024 жылы көлемі 2023 жылы тартылған \$2 млрд-тан асты. Инвестициялардың салалар бойынша бөлінісі өзгерген жоқ, бұл ретте инвестициялық, мұнай-газ және мемлекеттік бағалы қағаздар көшбасшылық позицияларды иеленуді жалғастырды.




Борыштық капитал – бұл компаниялар инвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

TABYS (1/2)

TABYS – бөлшек инвесторларға арналған сауда алаңы. Платформа бастапқы инвестициялық шегі бар болғаны \$6 құрайтын 16 биржалық сауда ноттарын (ETN) қоса алғанда, қаржылық өнімдердің кең спектрін ұсынады. TABYS 16 және одан жоғары жастағы Қазақстан Республикасының резиденттері үшін де, бейрезиденттер үшін де қолжетімді.



TABYS (2/2)

2024 жылы Tabys мобильді қосымшасы арқылы биржалық облигациялармен (ETN) сауда-саттық (сатып алу-сату) көлемі 2023 жылы \$5,5 млн-мен салыстырғанда \$26,8 млн, басқарудағы қаражат көлемі \$6,5 млн құрады, ал белсенді инвесторлар саны 20 мың адамға жетті.


ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ

\$6,5M

Инвестициялардың жалпы көлемі

+2,3M

2024 ж. инвестициялар





САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$26,8M

2024 ж. сауда-саттық көлемі

4,9x

2024 ж. өсім



ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Бектұров Альтаир
Деректер аналитикасы департаментінің директоры
- Қарымсақов Тимур
Деректер аналитикасы департаментінің бас менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы: Markets@aix.kz
- Сауалдар: DataAnalytics@aifc.kz

АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

